**Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын қолдану тоқтатыла тұрған немесе қайтарып алынған жағдайда бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің әрекеттері туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 16 қазандағы N 690 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 380 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 4 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 3423. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 89 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 89 қаулысымен.*

*--------------Қаулыдан үзінді------------------*

*Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

*1. Мыналардың:*

*2) "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын қолдану тоқтатыла тұрған немесе қайтарып алынған жағдайда бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің әрекеттері туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 16 қазандағы N 690 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 380 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3423 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі...*

*Т ө р а ғ а*

-------------------------------

Нормативтік құқықтық актілерді "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын қолдану тоқтатыла тұрған немесе қайтарып алынған жағдайда бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің әрекеттері туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 16 қазандағы N 690 қаулысына ( Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1311 тіркелген, 2001 жылы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық және нормативтік актілер жинағында жарияланған, 4-том) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспеде:

"10 және 11 баптарымен берілген өкілеттіктердің" деген сөздер "3-бабы 2-тармағының 3), 8) тармақшалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1997 жылғы 05 наурыздағы" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын қолдану тоқтатыла тұрған немесе қайтарып алынған жағдайда бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің әрекеттері туралы нұсқаулықта:

барлық мәтін бойынша "ұлттық комиссия", "ұлттық комиссиясының", "ұлттық комиссияның", "ұлттық комиссияға", "ұлттық комиссияны" деген сөздер " уәкілетті орган", "уәкілетті органының", "уәкілетті органға", "уәкілетті органды" деген сөздермен ауыстырылсын;

барлық мәтін бойынша "тізілім ұстаушы", "тізілім ұстаушыларға", "тізілім ұстаушылардағы", "тізілім ұстаушылардың", "тізілім ұстаушыға" деген сөздер " тіркеуші", "тіркеушілерге", "тіркеушілердегі", "тіркеушілердің", "тіркеушіге" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

2), 3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тіркеуші - бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы;

3) уәкілетті орган - қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен

қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) нақтылы ұстаушы - қолданылып жүрген лицензияны немесе бағалы қағаздар рыногында кастодиандық, депозитарлық қызметті жүзеге асыруға лицензияны иеленген ұйым.";

2-тармақтың 2) тармақшасында "тізілім ұстаушыларға және" деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақтың үшінші абзацындағы "және оның" деген сөздер "және оның" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

"тізілім ұстаушы немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

"тоқтата тұруға міндетті" деген сөздер "тоқтата тұрады" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта "Брокер-дилердің бағалы қағаздарды нақтылы ұстау шотынан есептен шығарып тастауға шығарылған бұйрығының" деген сөздер "бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің бағалы қағаздарды нақтылы ұстау шотынан есептен шығарып тастауға шығарылған бұйрығының" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта "тізілім ұстаушы немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

9-тармақта:

"тізілім ұстаушы немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

"ескертуге міндетті" деген сөздер "ескертеді" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Токобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне, "Қазақстан тізілім ұстаушыларының қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне, бағалы қағаздардың орталық депозитарийіне жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК